

Америка Құрама Штаттарына ізгілік көмек көрсету туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 қыркүйектегі N 971 Қаулысы

"Катрина" дауылы салдарынан зардап шеккен Америка Құрама Штаттарының жағалау маңындағы аудандарының халқына ізгілік көмек көрсету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне "Катрина" дауылы салдарынан зардап шеккен АҚШ-тың жағалау маңындағы аудандарының халқына ізгілік көмек көрсету үшін 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің төтенше резервінен 250000 (екі жүз елу мың) АҚШ долларына баламалы с о м а д а қ а р а ж а т б ө л с і н ;

бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды қамтамасыз етсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі